

## Астана қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 418/54-VI шешімі. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 қыркүйекте № 1244 болып тіркелді.

**Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 30.05.2023 № 37/4-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-9-тармағына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 14-1-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылышы бағдарламасы және (немесе) Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске қосылған тұрғын үй бағдарламасы ("Наурыз" тұрғын үй бағдарламасы) шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне сатып алу құқығын іске асыруы үшін Астана қаласында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайға мұқтаж адамдар есебінде тұратын азаматтардың мына санаттарына 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде тұрғын үй сертификаттары айқындалсын:

1) Астана қаласының әкімдігіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарда қызмет ететін:

білім беру үйымдарындағы педагог қызметкерлерге;

денсаулық сақтау үйымдарындағы медицина қызметкерлеріне;

арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге қатысатын әлеуметтік қамтамасыз ету үйымдарындағы қызметкерлерге;

мәдениет және спорттық үйымдарының бейіндік қызметкерлеріне;

2) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Астана қаласының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне;

3) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне;

4) мынадай халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер

;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;

бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылары;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аурулар тізімінде аталған кейір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;

жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

қандастар;

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

толық емес отбасылар арасында.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 16.07.2021 № 67/9-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 30.05.2023 № 37/4-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.12.2024 № 251/32-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. Астана қаласы мәслихатының:

2018 жылғы 9 қарашадағы № 323/41-VI "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1192 болып тіркелді, 2018 жылғы 28 қарашада

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған);

2019 жылғы 6 наурыздағы № 358/45-VI "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 9 қарашадағы № 323/41-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1218 болып тіркелді, 2019 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы*

*К. Таукен*

*Нұр-Сұлтан қаласы маслихатының хатшысы*

*Ж. Нурпейісов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК